

«БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қазандағы №10 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

5-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«5. Қызмет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, Қазақстан Республикасының Енбек кодексін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы» (бұдан әрі – Заң), «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдарын және Қор қызметін реттейтін басқа да заңнамалық және заңға қарасты нормативтік құқықтық актілерді, Қор қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексін, Қордың үәкілетті органдарының шешімдерін, осы Ережені және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.»;

8-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда баяндалсын:

«Басшы жұмыста уақытша болмаған жағдайда (демалыс, іссапар, уақытша еңбекке жарамсыздық және т.б.), оның лауазымдық міндеттерін орындауды Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің бұйрығын ресімдей отырып, Басшының ұсынымы бойынша Қызмет қызметкерлерінің біріне жүктейді.»;

23-тармақтағы:

17-1), 17-2) тармақшалар мынадай редакцияда баяндасын:

«17-1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қордың ішкі нормативтік құжаттарын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, зейнетакы жинақтарының және (немесе) нысаналы жинақтардың (бұдан әрі – жинақтар) және (немесе) шартты зейнетакы шоттарының (бұдан әрі – ШЖШ) жай-қүйі туралы ақпаратты, міндетті зейнетакы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетакы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары, ерікті зейнетакы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетакы төлемдерін алушылардың), нысаналы талаптарға қатысуышылардың немесе олардың заңды оқілдерінің, нысаналы жинақтарды алушылардың (бұдан әрі – Қор қызметтерін алушылар) және Қор қызметкерлерінің дербес деректерін және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конфиденциалдыға жатқызылған басқа ақпаратты қорғау және жарияламау мәселелері бойынша сақтайды;

17-2) Қызмет қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, жинақтардың жай-қүйі туралы ақпаратты, Қордың қызмет алушылары мен Қор қызметкерлерінің дербес деректерін және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конфиденциалдыға жатқызылған басқа ақпаратты қорғау және жарияламау мәселелері бойынша орындауды жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 17-3), 17-4) және 17-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«17-3) үздіксіз қызметті басқару үдерісіне қатысады және «БЖЗҚ» АҚ үздіксіз қызметін басқару саясатында, «БЖЗҚ» АҚ үздіксіз қызметтін басқару үдерісін ұйымдастыру қағидастында және «БЖЗҚ» АҚ үздіксіз қызметтін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жоспарында көзделген функцияларды жүзеге асырады;

17-4) Қызмет күзүретінің аясында Қорға «Электрондық өтініштер» ақпараттық сараптамалық жүйесі («Е-Өтініш» АЖ) арқылы түсетін өтініштер, хабарламалар, сұраныстар, пікірлер мен ұсыныстарды (бұдан әрі – өтініштер) уақытылы қарастыру, өтініштерге сай

Жиен

Алғаш

Дархан Сарсенов

шаралар қолдану, өтініштерді қарастыру нәтижесі мен қолданылған шаралар туралы немесе өтініштерінің құзыретіне сәйкес басқа субъектілердің қарастыруына жіберілгені туралы өтініш иелерін хабарландыру жұмысын үйімдастырады;

17-5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өтініштерді уақытылы қарастыру мен шаралар қолдануды қамтамасыз ету болігінде Қызмет қызметкерлерін бақылауды жүзеге асырады;»;

27-тармақтағы:

4), 5), 6), 7) тармақшалар мынадай редакцияда баяндалсын:

«4) өзіне сеніп тапсырылған немесе жұмыс бойынша белгілі болатын заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметті, сонымен қатар жинақтар және (немесе) ШЖШ құпиясын, Қордың қызмет алушылары мен Қор қызметкерлерінің дербес деректерін және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конфиденциалды ақпаратқа жатқызылған басқа мәліметті жариялағаны, сондай-ақ бәсеке іс-эрекет ретінде Қорға залал келтіруі мүмкін кез келген қызметпен айналысуга Қордың конфиденциалды ақпаратын құрайтын мәліметті пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ілкі құжаттарына сәйкес;

5) заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметті, сонымен қатар жинақтар және (немесе) ШЖШ құпиясын, Қордың қызмет алушылары мен Қор қызметкерлерінің дербес деректерін және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конфиденциалды ақпаратқа жатқызылған басқа мәліметті, оның ішінде жариялануы Қорға, Қордың шарттық катынастары бар тұлғаларға материалдық, беделдік немесе басқа залал келтіруі не Қорға жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындауға қауіп төндіруі мүмкін Қор қызметіне, басқаруына, қаржысына, қызметкерлеріне, Қордың техникалық деректеріне байланысты ақпаратты үшінші тұлғаларға бергені (барлық мүмкін тәсілмен, оның ішінде электрондық байланыс арналары арқылы сыртқы пошта мекенжайларына жіберу), сондай-ақ ғимараттан алып шыққаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі нормативтік құжаттарды, оның ішінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша бұзганы үшін;

7) өзіне сеніп тапсырылған немесе жұмыс бойынша белгілі болған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметті, сонымен қатар жинақтар және (немесе) ШЖШ құпиясын, Қордың қызмет алушылары мен Қор қызметкерлерінің дербес деректерін және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конфиденциалды ақпаратқа жатқызылған басқа мәліметті жеке мақсатта заңсыз пайдаланғаны үшін;»;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) Қызмет қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы нормативтік күқықтық актілерінің және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауын тиісінше бақыламағаны үшін дербес жауапты болады.».

Басқарма Төрағасы

Курманов Ж.Б.

Бұл (Мактаба мен б) Атты (Реміссеанов Н.О.) Атты (Салеев) / Салеев/

**«БЖЗК» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге
өзгерістер мен толықтыруларды келісу парагы**


Лауазым атапу	Аты-жөні	Қолы	Ескерту
Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры	Г.Джилкибаева		
Тәуекел-менеджмент департаментінің директоры	Э. Талаева		

Осы арқылы қағаз тасымалдағыштағы туынды күжаттың электрондық нұсқада
келісілген күжатқа сәйкес екенін растаймыз.

Әзірлеуші:
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс басқармасының бастығы


(Қолы)

A. Жукенова


A. Jukenova

Прошнуровано на 3 (трех) листах
Начальник Управления антикоррупционного
комплекса

 Жукенова А.С.